



**№ 3 (39)
2015**

Меншік несі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қауыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

«Конституция: халықтың бірлігі, тұрақтылық, көркею» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға Қазақстан Республикасы Әділет Министрі Б. ИМАШЕВТЫҢ баяндамасы, Астана қаласы, 2015 жылғы 28 тамыз.....	7
Р.Т. НҰРТАЕВ Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері.....	13
М.А. СӘРСЕМБАЕВ Отбасы құқығы мәселелері бойынша Еуропалық конвенциялар: Қазақстан көзқарасы	21
Конституциялық және әкімшілік құқық	28
А.С. ҚОСЖАНОВ Нарықтық жағдайдағы құқықтық мемлекеттің экономикалық бағыттары.....	28
Г.Б. ҚАРЖАСОВА Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты	31
Л.Т. НАЗАРҚҰЛОВА Заң шығару технологиясы нормативтік құқықтық актілердің сапасын арттырудағы маңызды шарт ретінде: проблеманың қойылуы.....	34
А.С. АХМЕТОВ Құқықтық нигилизм туралы мәселесіне.....	40
А.А. ІДІРІСОВ Конституцияның іргелі құндылықтары.....	45
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Мемлекеттік қаржылық бақылаудан мемлекеттік аудитке көшу мәселесі бойынша шетелдік тәжірибе	50
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	55
Л.К. ЕРКІНБАЕВА Energy law of the Republic of Kazakhstan: problems and perspectives (Қазақстан Республикасының энергетикалық заңдары: проблемалары мен перспективалары) 55	
Н.Ш. ШЕРІМОВА Қазақстандағы су ресурстарының жағдайы мен және құқықтық реттелуінің кейбір мәселелері.....	62
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	67
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.К. ҚАНАТОВ Абай Құнанбайұлының «Қарамола ережесіндегі» қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының негіздері – қазіргі жаңа қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру шарты ретінде	67
К.Е. ИСМАҒҰЛОВ Азаматтық қоғам институттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.....	72

О.Б. ФИЛИПЕЦ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері 76

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану 81

Қ.С. МӘУЛЕНОВ Bilateral investment treaties Republic of Kazakhstan with foreign states (Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екі жақты инвестициялық шарттары) ... 81

А.Ж. САҒИДАН Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық шарттар жобалары мен шешімдерінің сараптамасын жүргізу қажеттілігі мәселесіне 89

Ж.И. ИБРАГИМОВ Еуропалық Одақ тәжірибесі ауқымында нормативтік құқықтық актілерге сараптама жүргізудің жалпы тәсілдері..... 93

Ж.К. ОРЫНТАЕВ Legal Regulation of Waste Treatment in Kazakhstan and Russia (Қазақстан мен Ресейде қалдықтарды қайта өңдеуді құқықтық реттеу)..... 99

Құқықтық мониторинг 103

Е.З. БЕКБАЕВ Құқықтық мониторинг нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ету шарасы ретінде..... 103

З.Г. ҚАЗИЕВ, С.Б. АЙСИН Құқықтық мониторинг барысында нормативтік құқықтық актінің және құқықты қолданудың тиімділігін анықтау (әдіснамалық және қолданбалы аспектілер) 109

А.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингі туралы мәселеге 116

Е.М. ЕЛУБАЙ, А.Қ. ҚАНАТОВ Жекелеген алдын алу нормаларының сипаттамасына (ҚК-ның жаңашылдықтарын мониторингілеу) 120

Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен 125

ПРИМАШЕВ Н.М. Конституциялық заңнама лексикасы: салыстырмалы контент-талдау..... 125

АҚЫЛБЕКОВА Г.К. Азаматтық заңнама: қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалылығы мәселелері 129

Шетелдік тәжірибе 133

Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (Минск қ.) Сот актілерін орындау кезінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісімдері мен ұлттық заңнама арақатынасының маңызы (ТМД Экономикалық Сотының құқық қолдану практикасының мысалдарында) (жалғасы) 133

И.Э. МАРТЫНЕНКО (Беларусь Республикасы, Гродно қ.) Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кедендік шекарасы арқылы мәдени құндылықтарды заңсыз өткізу үшін қылмыстық жауаптылық ерекшеліктері 138

В.А. НОВИКОВ (Мәскеу қ.) Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жеке өмірге қол сұқпаушылықты бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық 145

Т.В. РОГОЖКИНА (Минск қ.) Беларусь Республикасында қоршаған орта сапасы нормативтерін жіктеу туралы..... 150

Р.А. КАЗАК (Украина, Харьков қ.) 1992 жылғы Биологиялық әр алуандылық туралы конвенцияны қабылдау мәселесіне: тарихи-құқықтық аспект 155

Жас ғалым мінбері 162

Р.Қ. ҚАНАТОВ Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарты мәнінің ерекшеліктері..... 162

Н.Н. ОМАРОВА Мемлекеттік органдардың құқықтық мониторинг жүргізудегі жауапкершілігі туралы..... 168

Т.Р. БОТАНБАЕВ Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың туындау тарихына қатысты кейбір мәселелер..... 171

С.О. БОРОВИКОВ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің халықаралық шарттар әзірлеу тәжірибесі 176

И.Е. АҚАТОВ Борыштар мұрагерлігі туралы мәселеге 182

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	188
V Петербург халықаралық заң форумы жұмысына шолу, Ресей, Санкт-Петербург қ., 188 2015 жылғы 27-30 мамыр.....	
<i>Даналық ойлар</i>	206



**№ (39)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на международной научно-практической конференции «Конституция: единство народа, стабильность, процветание», г. Астана, 28 августа 2015 года.....	7
Р.Т. НУРТАЕВ Актуальные проблемы дальнейшего противодействия коррупции в Казахстане.....	13
М.А. САРСЕМБАЕВ Европейские конвенции по вопросам семейного права: взгляд из Казахстана.....	21
Конституционное и административное право	28
А.С. КОСЖАНОВ Экономические направления правового государства в рыночных условиях.....	28
Г.Б. ҚАРЖАСОВА Институт уполномоченного по правам человека.....	31
Л.Т. НАЗАРКУЛОВА Правотворческая технология как важнейшее условие повышения качества правовых актов: постановка проблемы.....	34
А.С. АХМЕТОВ К вопросу о правовом нигилизме.....	40
А.А. ИДРИСОВ Фундаментальные ценности конституции...	45
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Зарубежный опыт по вопросу перехода от государственного финансового контроля к государственному аудиту.....	50
Гражданское и гражданско-процессуальное право	55
Л.К. ЕРКИНБАЕВА Energy law of the Republic of Kazakhstan: problems and perspectives (Энергетические законы Респу- блики Казахстан: проблемы и перспективы).....	55
Н.Ш. ШЕРИМОВА Некоторые вопросы состояния и правового регулирования водных ресурсов в Казахстане.....	62
Уголовное право и уголовный процесс	67
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Основы уголовного и уголовно-процессуального законодательства в «Положении Карамола» Абая Кунанбаева - как условие совершенство- вания нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства.....	67
К.Е. ИСМАГУЛОВ Антикоррупционная деятельность институтов гражданского общества.....	72

О.Б. ФИЛИПЕЦ Некоторые вопросы совершенствования системы и видов наказаний в отношении несовершеннолетних по уголовному законодательству Республики Казахстан...	76
Международное право и сравнительное правоведение	81
К.С. МАУЛЕНОВ Bilateral investment treaties Republic of Kazakhstan with foreign states (Двусторонние инвестиционные договоры Республики Казахстан с зарубежными государствами).....	81
А.Ж. САГИДАН К вопросу о необходимости проведения экспертизы проектов международных договоров и решений Евразийского экономического союза.....	89
Ж.И. ИБРАГИМОВ Общие подходы проведения экспертизы нормативных правовых актов в рамках опыта Европейского Союза.....	93
Ж.К. ОРЫНТАЕВ Legal Regulation of Waste Treatment in Kazakhstan and Russia (Правовое регулирование обращения с отходами в Казахстане и России).....	99
Правовой мониторинг	103
Е.З. БЕКБАЕВ Правовой мониторинг как мера обеспечения законности нормативных правовых актов.....	103
З.Г. КАЗИЕВ, С.Б. АЙСИН Определение эффективности нормативного правового акта и правоприменения в ходе правового мониторинга (методологические и прикладные аспекты)	109
А.Г. КАЗБАЕВА К вопросу об общественном мониторинге нормативных правовых актов...	116
Е.М. ЕЛУБАЙ, А.К. КАНАТОВ К характеристике отдельных превентивных норм (мониторинг нововведений УК)	120
Из практики законодательства на государственном языке	125
ПРИМАШЕВ Н.М. Лексика конституционного законодательства: сравнительный контент-анализ.....	125
АКЫЛБЕКОВА Г.К. Гражданское законодательство: проблемы аутентичности текстов на казахском и русском языках.....	129
Зарубежный опыт	133
Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (г. Минск) Значение соотношения соглашений государств-участников СНГ и национального законодательства при исполнении судебных актов (на примерах правоприменительной практики Экономического Суда СНГ) (продолжение).....	133
И.Э. МАРТЫНЕНКО (Гродно, Республика Беларусь) Особенности уголовной ответственности за нелегальное перемещение культурных ценностей через таможенную границу Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации.....	138
В.А. НОВИКОВ (г. Москва) Уголовная ответственность за нарушение неприкосновенности частной жизни по законодательству Российской Федерации и Республики Казахстан.....	145
Т.В. РОГОЖКИНА (г. Минск) О классификации нормативов качества окружающей среды в Республике Беларусь.....	150
Р.А. КАЗАК (г. Харьков, Украина) К вопросу о принятии Конвенции о биологическом разнообразии 1992 г.: историко-правовой аспект.....	155
Трибуна молодого ученого	162
Р.К. КАНАТОВ Особенности предмета договора купли-продажи ценных бумаг.....	162
Н.Н. ОМАРОВА Об ответственности государственных органов в проведении правового мониторинга.....	168
Т.Р. БУТАНБАЕВ Некоторые вопросы об истории возникновения коррупции в Казахстане	171
С.О. БОРОВИКОВ Опыт подготовки международных договоров государств-членов Евразийского экономического союза.....	176
И.Е. АКАТОВ К вопросу о наследовании долгов.....	182

<i>Информационные сообщения</i>	188
Обзор работы V Петербургского международного юридического форума 27-30 мая 2015 года, г. Санкт-Петербург, Россия.....	188
<i>Мудрые мысли</i>	206



Ботанбаев Тағайбек Рахматіллаұлы,

ҚР Заңнама институты қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасы және сот сараптамасы бөлімінің ғылыми қызметкері

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР СҰРАҚТАР

Сыбайлас жемқорлық – ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп қатерлерінің бірі. Сондықтан да оны, болдырмау үшін елімізде бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылып отыр. Осы құбылысқа қарсы күрес барысы күн сайын қарқын алып отыр. Дегенімен, өкінішке орай, осы дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да көбеюде. Демек осы сұрақтарды терең ашу үшін оның пайда болу тарихына тоқтаған дұрыс.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, сыбайлас жемқорлық ұлттық тұрмыстың дәстүрі мен мәдениетінің қалыптасқан ажырамас бөлігін құрайды [1,7-6]. Дегенімен пікірмен келісе алмаймыз, себебі қай жағынан алып қарасақ та ол ақиқатқа сай емес. Себебі қазақ елінің тұрмысындағы жемқорлық дерті «үйреншікті», ажырамас бөлік болып, өзгермеген нышан ретінде қалыптаспаған. Мұндай пікірді мұрнына тарихтың иісі бармайтын, қазақтың тұрмыс-салтынан бейхабар ғалымдар айтуы мүмкін. Қазақтың күнделікті өмірінде сыйлық беру салты болған және ол бүгінгі күнге дейін бар, бұл өмірдің сәні, бірақ ол жемқорлық мақсатта не басқа ниетте емес, адамға деген құрмет және үлкенді сыйлау мақсатында орын алып отырған. Әкелінген сыйлар пайда табу, бай болу сияқты мақсатты көздемеген. Даулы мәселелер билер сотында қаралған, ал билер соты институты далада, патша жарғысымен емес, халықтың таңдауымен сайланған [2, 24-6].

Елімізге жемқорлықтың келу себебіне кейбір ғалымдар Ресейге қосылумен байланыстырады.

Патшалық Ресейдің қазақ даласында әкімшілік реформа жүргізуіне дейінгі хандық билік тұсында құқықтық, заңдық басқару билер үкіміне негізделген. Ол сайланбайтын, мұрагерлікпен берілмейтін, тек заң жоралары мен шешендікті меңгерген парасатты адамдарға

ғана бұйырған ерекше лауазым болған. Билік кесу кезінде олқылық жіберу, сөйтіп атақ-абыройдан айырылу – би үшін ең үлкен жаза болып табылған. Міне, ар-намыс заңдарына жүгінген қазақтар жемқорлықтың жолын осылай кесіп отырған [3, 45-6].

Парақорлық орыстың XIII ғасырдағы шежірелерінде де кездеседі. Оған алдымен заң арқылы тосқауыл қойған III Иван болатын. Оның ұрпағы Иван Грозный кейін сот грамотасын енгізді, онда жергілікті жер басқармасы шенеуніктерінің пара алғандығы үшін өлім жазасы белгіленді [4, 3-4-6].

Ресей патшалығы тұсында паракорлық барлық дәрежедегі шенеуніктердің жасырын табыс көзіне айналып, мемлекеттік лауазымға ие болу жеке адамның байлыққа қол жеткізуінің бірден бір жолы деген көзқарас орнады. Мұндағы паракорлық құбылысы тамырын тереңге жіберіп, басқару жүйесімен, саяси билікпен тұтасып, бірігіп, оның бір бөлшегіне айналып кетті [3, 45-6].

1648 жылы Мәскеу қаласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы алғашқы наразылық орын алды, онда сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған екі «министрді» патша үкіметі көпшіліктің қолына берді, оның бұл ісі халықтың көңілінен шықты.

Парақорлық және басқа да қылмыстар үшін жауаптылық 1649 жылғы Собор жинағына енгізілді. Жинақтың 5 және 7-баптарында сот органдарындағы лауазымды адамдардың сыйлық алғаны үшін жауаптылығы қарастырылса, 6-бап ондай субъектілер ауқымын кеңейтті [5, 90-6]. Елдегі етек алған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін I Петр өз қарамағындағы әскери қызметкерлердің мемлекеттік қызметті атқару мерзімін екі жылға қысқартты. Олардың қызметін әрі қарай жалғастыру үшін, халық тарапынан жазбаша білдірген өтініш болуы

тиіс еді. Сонымен қатар, І Петр пара берушілік және мұндай қылмысқа бас пайдасы үшін көмектескендерге қылмыстық жауаптылық енгізді. Бұл қоғамға қауіпті әрекеттер мемлекет мүддесіне нұсқан келтіретін қылмыстар болып саналды. Сол кездің өзінде сыбайлас жемқорлық жасаған шенеунікті көрсеткен адамға әр түрлі сыйақылар берілді, бірақ осы шаралардың өзі айтарлықтай нәтиже бермеді. Сол заманды сипаттаған ғалымдар «І Петр кезеңінде қазына ұрлау мен паракорлық бұрын болмаған шекке жетті» деп жазды [6, 180-б]. І Петр жүргізген реформалар барысында паракорлық ұғымының мазмұны өзгерді – мемлекет мүлкін лауазымды адамдардың бас салып ұрлауы олардың қызмет бабын бас пайдасы үшін теріс пайдалану деп саналды [7, 12-б].

Қазақ еліндегі сыбайлас жемқорлықтың тарихи-әлеуметтік себептерінің бір ұшы патшалық Ресейдің әкімшілік жүйесінде жатыр [3, 44-б.]. Патшалық билікке дейін қазақ даласындағы әдет құқық нормаларын рулық қауымдарда қабылдаған көшпенділер мәдениетіндегі дәстүрлер анықтаған. Қазақстанда құқықтық жүйе негіздерінің қалыптаса бастауын орта және кейінгі орта ғасырда – XIV ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығын жатқызуға болады. Осы кезеңде құқықтың дәстүрлі мұсылмандық жүйесі мен монғолдардың көшпенді өркениетінің құқықтық институттарының өзара үйлесу процесі жүрді [8, 11-б]. Бұл кезеңде, қазақ қоғамында сыбайлас жемқорлық ұғымы болмаған. Қазақстан Ресейге бодан болып кіргенге дейін ақсүйектерге қатысты сый-сияпат жасау дәстүрі болған. Мысалы, қарапайым диқанымыз хан, сұлтан, билерге «ұшыр» салығын – яғни алған өнімінің бір бөлігін беріп тұрған. Сонымен қатар, шонжарлар үшін соғымға мал немесе сыбаға жинастырылған. Басқа да сыйлықтар болған. Бұны әрине, салық төлеумен салыстыруға болады.

XVI ғасырдың басынан бастап Қазақстанда «Қасымның қасқа жолы» деп аталған Қасым ханның заңы күшіне енді, оның негізіне әдет құқығының нормалары алынды. Бұл әдет құқығының нормаларын XVII-ғасырдың аяғында Тәуке хан өзінің «Жеті жарғысында» толықтырып бір жүйеге келтірді.

Сол кездегі қазақтардың әдет құқығы үш тармақтан: әдеттерден, билер сотының тәжірибесінен және билер съезінің ережелерінен тұрды [9, 139-б]. Дауласқан жақтардың көңілінен шығып, дұрыс шешім шығаруды сол

кезде әдет құқыққа сүйеніп хандар, сұлтандар және билер ауызша атқарған. Олардың айтқаны ақтық шешім болып саналды. Ел ішіндегі дауламайды билердің алдына барып шешетін, ол үшін «ханлық» деп аталатын сыйақы алынды. Мұндай шешімдердің нәтижесінде құқықтық жаңа нормалар пайда болды. Дауласқан жақтар тарапынан төрелік айтқан билерге тарту жасауға рұқсат етілді [9, 196-б]. Ордада құрмет көрсетілетін әрбір адамға лауазым иесі болса да, сыйлық алуға болатын, ол шеттен берген сыйлықтан бас тарта алмайтын [10, 191-192-б].

«Жеті жарғы» қоғамдық қатынастардың барлық жағы қамтылып, онда азаматтық, әкімшілік құқық нормалары, дін, салық жайында ережелер көрсетілді. Дегенмен бір орталықтан жүргізетін мемлекеттік басқару жүйесі және жемқорлық болмағандықтан паракорлық, қызмет бабын теріс пайдалану, яғни сыбайлас жемқорлыққа қатысты жауаптылық қарастырған нормалар болмады. Бұл әрине, сол кездегі сыбайлас жемқорлық құбылысының болмағанының бір дәлелі.

XIX ғасырдың орта тұсынан бастап патша реформасы арқылы қазақ ішіндегі дәстүрлі саяси-әлеуметтік қатынас бірте-бірте жойылды. Жаңа әкімшілік басқару жүйесі өзімен бірге паракорлықты, жемқорлық пен әділетсіздікті ала келді [3, 45-б].

Ресейде Романовтар әулеті билік құрған кезде сыбайлас жемқорлық мемлекеттік қызметкерлердің табыс көзіне айналған. Осы құбылыспен күресуде қолданылған жазалау шаралары нақты нәтиже бермеді, сондықтан жазалаудың жаңа тәсілдері іздестірілді.

1845 жылы Заңдар жинағына толықтырулар енгізіліп, қызмет бабын теріс пайдалану мен паракорлық үшін қосымша жауаптылық қарастырылды. Оның 401-бабында алған парадан екі есе көп мөлшерде айыппұл төлеу түрінде жаза белгіленді. Пара беру әрекеті алғыс білдіру және сатып алу үшін деп екіге бөлінді. Егер лауазымды адамға пара оны сатып алу үшін берілсе, ол жұмысынан да босатылатын еді. Айыпты адам шын жүректен өкінген жағдайда жаза жеңілденілетін.

Лауазымды адам өзінің қызметтік міндетін бұзып, заңда көзделген сыйақы алса, онда ол бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе 70-80 рет таяқпен ұруға және екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге арестанттық ротаға жіберуге жазаланды. Егер жеңілдететін мән-жай болса және құқық бұзушы шын өкінсе, қатаң сөгіс

немесе қызметінен босату түріндегі жеңілдеу жаза қолданылды.

Аталған заңдар жинағының 405-бабында пара алудың және берудің мынадай формалары мен тәсілдері көрсетілді:

- параны делдал арқылы, оның ішінде туыстары арқылы беру және алу;
- бұрын уәде еткен сыйақыны лауазымды адамға оның қызмет бабына жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін беру және оны алу;
- алдын ала келісілген сыйақыны лауазымды адамға оның қызмет бабында жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін беруі және алуы;
- сыйақыны ұтылыс, айырбастау, қандай да бір мәміле үшін беру.

Заң жинақтарының 406 және 407-баптарында параны бопсалаудың формасына мыналар жатқызылған:

- қорқыту немесе қысым жасау жолымен пара алу;
- лауазымды адамның сыйлықты немесе заңда көзделмеген төлемді немесе қарызды немесе қандай да қызмет көрсетуді талап ету;
- заңда белгіленбеген немесе белгіленген мөлшерден артық ақша, зат жинастыру;
- өзінің немесе басқа біреудің жұмысына заңсыз кірісуі;
- адамды қинап немесе қандай да бір зорлық жасап бопсалаушылық.

Мұндай әрекеттер үшін барлық құқықтан айыру, Сібірге жер аудару және төрт жылдан алты жылға дейінге мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылды.

Сонымен қатар бұрын қаралмаған қылмыс құрамдары енгізілді:

- төменгі деңгейдегі қызметкерлердің жоғары тұрған шенеуніктерге сыйлық беру үшін заңсыз ақша жинау (408-бап);
- паракорлыққа жағдай тудыру, пара алуда бопсалаушылыққа қатысу (409-бап);
- шаруалар қауымының атынан лауазымды адамға пара беру (411-бап) [11, 390-б].

Кейін Ресей патшасы II Александр өзінің 1862 жылғы «Ал паракорлық туралы» заң жинағында ауырлататын мән-жайсыз пара бергендік үшін жауаптылық көзделген 411 және 412-баптарын алып тастады. II Александр 1866 жылы «Бұл аурудың себептерін іздестіру және оны жоюдың амалдарын қарастыру туралы» Жарлық шығарып, зерттеулер жүргізуге нұсқау берді.

Бұл құбылысты зерттеу мақсатында құрылған Сенат комитеті оның таралуының

негізгі үш себебіне назар аударды: заңдардың жетілмегендігі, мемлекеттік қызметкерлердің материалдық қамтамасыз етілмеуі және қылмыс пен жазаның бір-біріне сай келмеуі. Яғни мемлекет есебінен байығандар мен бірнеше сом алған кедейлердің тартатын жазасы бірдей болды. Біздің ойымызша, бұл мәселелер әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Өйткені оны күнделікті өмірде жиі көріп отырмыз. Демек біздің елімізде де осы мәселелерді шешу жолдары қарастырылуы керек.

Бұл үш себептің болуын қамтиты:

- сот билігінен көріп отырған тәуелділік;
- төменгі тұрған шенеуніктердің жоғарыларға тәуелділігі;
- қызметке қабілетсіз адамдарды алу;
- билік органдары қабылдаған шешімдердің құпиялылығы сияқты жағдайлармен түсіндіреді [12, 5-6].

1903 жылы Ресейдің «Қылмыстық жинағы» жарық көрді, оған 1883 жылғы Жинақтағы лауазымдық қылмыс туралы барлық нормалары кірді. Аталған жинақта алдыңғыға қарағанда айтарлықтай өзгерістер болды, жаңа қылмыстық заңнама жасау жүйесі жеңілденді, баптар саны азайды, лауазымды тұлғаларға анықтама берілді. Дегенмен кейін лауазымдық қылмыстарды саралауға қатысты проблема туындады.

Қазан төңкерісіне дейінгі Ресей ғалымдары лауазымды тұлға ұғымына дәл анықтама беруге бірнеше рет талпынды. Құқықтық ғылым бұл проблеманы шешуге тиіс еді. «Лауазымды тұлға» сөзі бірде кең, бірде тар мағынада қолданы. Кең мағынасында оған басқарушы әкімшіліктегі шенеуніктер де, жергілікті басқару органдарының қызметкерлері де, әртүрлі жеке шаруашылық кәсіпорындарының қызметкерлері де кірді» [13, 137-б].

Кеңес өкіметі орнағанға дейін Ресейде «лауазымды тұлға» және «мемлекеттік қызметкер» ұғымдары бірдей мағынада берілді. Кейбір ғалымдар «лауазымды тұлға мен қызметкер ұғымдары сәйкес келеді» деп санады.

Лауазымды тұлғалар ұғымының шегін анықтауға талпыныс жасаған Қазан төңкерісіне дейінгі ғалымдар алдында бірнеше мәселелер тұрды. Жүргізілген әртүрлі зерттеулердің нәтижесінде, бұл проблеманы шешуге мүмкіндік беретін жолдар анықталды. Ол жолдардың мәні мынада:

- адамдардың осы қылмыс субъектілеріне жататын белгілі бір тобын нақты терминдерді (ұғымдарды) заңға енгізу арқылы сот тәжірибесінде бұл ұғымның шегін айқындауға

8. Тұяқбай Ж.А. Правовые основы государственной политики РК в сфере уголовной юстиции. Научное издание. – Алматы: Жазушы, 2004. – с. 11.
9. Материалы по казахскому обычному праву: Научно популярное издание. – Алматы 1998.
10. Зиманов С.З. Общественный строй казахов 1-й половины XIX века. – Алматы: АН КазССР, 1958. – с.292.
11. Российское законодательство X – XX веков. – М., 1986. – Т.6. – с. 390.
12. Кувшинин В. Как русские цари боролись с лихоимством // Чистые руки. – 1999. - № 1.
13. Немидов Н. Юридические и политические основания государственной службы. – Ярославль, 1874. – с. 137.
14. Есипов В.В. Превышение и бездействие власти по русскому праву. – СПб., 1892. – с. 537.
15. Лохвицкий А. Курс русского уголовного права. – СПб., 1867. – с. 406.



Бұл мақалада сыбайлас жемқорлықтың XVI – XX ғасырлар аралығындағы Қазақ даласында пайда болу тарихы зерделенген, және оған қарсы күресудің кейбір жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: қылмыстық заңнама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, заңнама тарихы.

В данной статье автор исследована история возникновения коррупции в Казахстане в XVI – начале XX веков. А также рассмотрены некоторые методы противодействия коррупции в этот период.

Ключевые слова: уголовное законодательство, противодействие коррупции, история законодательства.

In this article the author explores the history of corruption in Kazakhstan XVI - early XX centuries. Also consider some methods of combating corruption in this period.

Keywords: criminal law, fight against corruption, legislative history.

Тағайбек Рахмәтiллаұлы Ботанбаев,

ҚР Заңнама институты қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасы және сот сараптамасы бөлімінің ғылыми қызметкері

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың шығу тарихына қатысты кейбір сұрақтар

Бутанбаев Тағайбек Рахмәтiллаевич,

научный сотрудник отдела уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного законодательства и судебной экспертизы Института законодательства РК

Некоторые вопросы, касающиеся истории возникновения коррупции в Казахстане

Butanbaev Tagaybek Rahmatillaevich,

Researcher of the criminal, criminal procedure, criminal law enforcement and forensic of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Some questions about the history of corruption in Kazakhstan